Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)	"Ұқсас заттарды тап" ойыны Мақсаты: "Ұ" дыбысын дұрыс айтуға машықтандыру, заттарды ұқсастығына қарай топтастыру қабілетін дамыту. Ойын барысы: Балаларға бірнеше зат ұсынылады, олардың ішінен бір-біріне ұқсас заттарды табу керек (мысалы, қызыл түсті доптар, төртбұрышты қораптар). Әр бала ұқсас затты тауып, "Бұл ұқсас зат" деп "ұ" дыбысын дұрыс айтып үйренеді. Сөздік қорды дамыту, сөйлеуді дамыту дағдысы	"Досымды қорғаймын" ойыны Мақсаты: Балаларға табиғаттағы жануарларды қорғау сезімін үйрету және еңбекке баулу. Ойын барысы: Балаларға әртүрлі жануарлардың макеттері беріледі. Әр бала жануардың дұрыс тіршілігін сақтау жолдарын айтады (су беруге, қоректендіруге) және қорғайтын тәсілдермен танысады. Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру	"Ұялы үйшікті тауып ал" ойыны Мақсаты: "Ұ" дыбысын айтуға үйрету, жануарлар мен олардың мекен ортасын ажырата білу. Ойын барысы: Балаларға жануарлар және олардың мекендеу орындарының суреттері беріледі (мысалы, торғай мен ұя, қасқыр мен орман). Әр бала жануарды дұрыс мекеніне орналастырып, "Торғай ұясына" немесе "Қасқыр орманға" деп "ұ" дыбысын анық айтады. Сөздік қорды дамыту, сөйлеуді дамыту дағдысы	"Әртүрлі көкөністер жасау" (Мүсіндеу) Мақсаты: Түрлі көкөністерді тану, олардың түстері мен пішіндерін ажырату қабілеттерін дамыту. Ойын барысы: Балаларға пластилиннің түрлі түстерінен сәбіз, қияр, қызанақ сияқты көкөністерді мүсіндеуге ұсыныс жасалады. Олармүсіндегенкөкөністерден "бақша" құрастырады. Математика негізі, мүсіндеу дағдысы	"Ормандағы серуен" ойыны Мақсаты: Балаларға орманды таза ұстау және еңбекке үйрену дағдыларын дарыту. Ойын барысы: Орман макеті қойылып, балалар оған серуенге шығады. Кішкентай себеттерге орман ішіндегі тасталған қоқыстарды жинайды және олардың қайда тастау керектігін шешеді. Еңбекке баулу,Экологиялық мәдениет дағдысы
Таңертенгіжаттығу	Таңғы жаттығу кешені№11 «Мысық пен тышқан» Мақсаты: Елтілік пен жылдамдықты дамыту. Өткізу	Таңғы жаттығу кешені№12 «Көпірден өту» Мақсаты: Тепе-теңдікті сақтауды үйрету, аяқ пен дене бұлшық еттерін дамыту.	Таңғы жаттығу кешені№13 «Жемістерді жинау» Мақсаты: Шапшаңдық пен назар аудару қабілетін дамыту. Өткізу тәсілі: Еденде түрлі	Таңғы жаттығу кешені№14 «Жұмсақ доп» Мақсаты: Нысанаға бағыттауды және моториканы дамыту.	Таңғы жаттығу кешені№15 «Тасбақалар» Мақсаты: Денені бақылауды және тепе-теңдікті нығайту. Өткізу тәсілі: Балалар

	тәсілі:Балалардан біреуі «мысық», ал қалғандары «тышқан» рөлін алады. Мысық тышқандарды ұстап алуға тырысады, ал тышқандар мысықтан қашады. Бұл ойынды шеңбер ішінде ойнаған жөн, қауіпсіз әрі ойын қарқынды болады.	Өткізу тәсілі: Балаларға еденге жайылған арқан немесе сызық бойымен жүріп өту ұсынылады. Олар тепе-теңдікті сақтап, тура жүріп өтуге тырысады. Бұл ойын балалардың дене бақылауын дамытуға көмектеседі.	түсті доптар немесе ойыншықтар «жемістер» ретінде шашылып жатады. Балалар оларды белгілі бір түске немесе түріне сәйкес жинап алады. Бұл ойын арқылы балалар түс пен пішінді тануды үйреніп, назар аудару қабілетін дамытады.	Өткізу тәсілі: Балаларға жұмсақ доптар беріледі, олар «қар» ретінде болады. Балалар өздерінің «қарларын» белгілі бір қашықтықтағы нысанаға лақтырады. Бұл жаттығу балалардың көз мөлшерін және дәлдік қабілеттерін дамытуға көмектеседі.	еденге жатып, қолдарын басы астына қойып, баяу еңбектеп қозғалады. Олар «тасбақалар» сияқты жүріп, ақырын, бірақ тұрақты қозғалады. Бұл жаттығу арқаны, қол және аяқ бұлшық еттерін нығайтады.
Таңғыас	Тамақтану кезінде қарапайым мәдени құндылықтарды қалыптастыру Дұрыс тамақтану дағдысын үйрету	Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. Жеке бас гигиенасы мәдениетін үйрету	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу Коммуникативті дағдыны қалыптастыру (Сөйлеуді дамыту)	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау Асқа деген құрметті түсіндіру. Бата беріп барып, астан алу Дұрыс тамақтану дағдысын үйрету	тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту Бата: Асқа адалды Басқа амандық Денге саулық Берсін аумин Коммуникативті дағдыны қалыптастыру (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Добым, добым домалақ (екі қолын даяйналдыру) Тоқтамай сындомалап (тезіреке кі қолды айналд ыру) Үстел үстін бүлдірдің (көлымен үстел үстін көрс ету) Тәрелкені сындырдың (екі қолала қанымен тарел кені жасау, екі жаққа жылдам шашу) Тентек болып кеттің деп (Сұксау сақпен ескерту) Тұрмын сенітеп кімкеп (екі қол белде, оңаяқпен тебу)	Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру "Жолда жүрсек сақ боламыз" Мақсаты: Қарапайым жол ережелерін түсіндіру. Ойын барысы: Ойыншық машиналармен ойнау кезінде балаларға жолда тек жаяу жүргінші жолымен жүруді, көшені тек белгіленген орыннан кесіп өтуді үйрету.	Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық жасау, көрнекіліктерді дайындау, видео түсіндірмелер дайындау қарапайым сөйлемдерді қайталайды). "Судың қаншасы жеткілікті?" Мақсаты: Суды үнемдеуді және артық кетірмеуді үйрету. Ойын барысы: Балалар өсімдіктерге немесе ойыншықтарға су құйып отырып, суды тек қажетті мөлшерде қолдануды үйренеді. Суды артық қолданбауды, бір ыдысты толтырмауды бақылап отыру.	Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру "Қай жерде қауіпті?" Мақсаты: Қауіпсіздік ережелерін үйрету. Ойын барысы: Бөлмедегі қауіпті заттарды (өткір немесе қатты заттар) көрсетіп, баланың олардан алыс болу керектігін түсіндіру. Әр затқа қарап, "бұл қауіпті, оны ұстамаймыз" деп айтып отыру.	Іс-әрекетке қажетті құралдарды дағдыларға қарай дайындау Өнегелі минут "Басқаға зиян тигізбе" Мақсаты: Басқа балалармен қауіпсіз ойнауды үйрену. Ойын барысы: Балаларға ойыншықтармен ойнау кезінде абай болу қажеттігін түсіндіру. Мысалы, "Жұмсақ ойыншықтарды лақтырсақ болады, ал қатты заттарды лақтырмаймыз" дегендей нұсқаулар беру.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Міндеті: Қос аяқпен қысқа қашықтықта секіру дағдысын дамыту. Ойын	Дене шынықтыру Міндеті: Балаларды ұзақтыққа секіруге үйрету. Ойын барысы: Құрсаулармен "көлшіктер" жасалады.	Музыка Міндеті: Әртүрлі аспаптарды танып, оларды есте сақтау дағдыларын жетілдіру. Ойын барысы: Балаларға көрінбейтін жерде тұрған аспаптан	Дене шынықтыру Міндеті: Балалардың жылдамдығын және бағытты сезінуін дамыту. Ойын барысы: Балалар қатарға тұрып, тәрбиеші берген белгі	Қазақ тілі Міндеті: Заттардың орналасуын анықтау үшін "үстінде", "астында", "жанында" сөздерін қолдануға үйрету. Ойын барысы: Допты

	барысы:Балалар үйрек секілді жүріп, екі аяқпен қаздарша секіреді. Тәрбиеші командаларын айтады: "Бірге секіру", "Қайта оралу". Балалар өздерін үйректерге ұқсатып, қос аяқпен алға қарай секіріп, тізбектелген бағыт бойынша жүреді. (Физикалық дағдыларды қалыптастыру)	Балалар кезекпен бір "көлшікке" секіріп түседі де, "көлшіктерден" секіріп, өз жолдарымен өтеді. Әр бала "бақа" рөлінде болып, көлшіктерге секіріп, өз жолдарын табуы керек. (Физикалық дағдыны қалыптасытыру)	дыбыс шығарылады, мысалы, барабан соғылады немесе сылдырмақ сылдыры шығады. Балалар аспаптың дыбысын тыңдап, қай аспап екенін табады. (музыка – шығармашылық әрекет)	бойынша қысқа қашықтықта жүгіріп өтуі керек. Бірінші келген бала жеңімпаз болады. Жарыс кезінде балаларға қосымша тапсырмалар беру арқылы ойын қиындауы мүмкін, мысалы, тек бір бағытта жүгіріп өту. (Физикалық , танымдық дағдыларды қалыптастыру Денешынықтыру)	бөлмедегі түрлі жерлерге (үстелдің астына, орындықтың үстіне, шкафтың жанына) қояды. Балалар доптың орнын табуы керек және оны қалай тапқанын сөзбен айтуы қажет: "Доп үстінде", "Доп жанында" (Коммуникативті дағдыны қалыптастыру Сөйлеуді дамыту.)
	"Түрлі түсті пішіндер" Міндеті: Балаларға негізгі пішіндерді мүсіндеу және олардың түстерін ажыратуға үйрету. Құралдар: Түрлі түсті пластилин. Өткізу барысы: Балаларға шар, куб және үшбұрыш сияқты негізгі пішіндерді мүсіндеуді ұсынып, сол пішіндерге	"Ұзын жіп, қысқа жіп" ойыны Мақсаты: Ұзын және қысқа заттарды ажырата білу және "ұ" дыбысын дұрыс айту. Ойын барысы: Балаларға ұзын және қысқа жіптер беріледі. Әр бала қолындағы жіптің ұзындығын айтып береді, мысалы: "Бұл ұзын жіп" немесе "Бұл қысқа жіп". Бұл жаттығу балаларды "ұ"	"Үй құрастырайық" Міндеті: Балаларға әртүрлі пішіндерден заттарды құрастырып үйрену. Құралдар: Түрлі түсті геометриялық пішіндер (қызыл шаршы, жасыл үшбұрыш, сары дөңгелек). Өткізу барысы: Балаларға шаршыдан үйдің қабырғасын, үшбұрыштан төбесін, дөңгелектен есігін құрастыру ұсынылады.	"Ұяшықтарға орналастыр" ойыны Мақсаты: "Ұ" дыбысын анық айтуға үйрету және заттарды түсіне қарай топтастыру. Ойын барысы: Балаларға түрлі түсті заттар мен сәйкес түсті ұяшықтар ұсынылады. Балалар әр затты түсіне сәйкес ұяшыққа орналастырып, "ұяшық" сөзін айтып үйренеді.	"Сиқырлы көлік құрастырайық" Міндеті: Балалардың заттарды құрастыру қабілетін жетілдіру және қиялын дамыту.Құралдар: Қағаздан қиылған дөңгелектер, шаршылар, үшбұрыштар, желім, қайшы. Өткізу барысы: Балалар әртүрлі пішіндерден көліктің түрлерін (машина, автобус, пойыз)

	сәйкес түстерді таңдауды үйрету. Балалар өз мүсіндерін жасай отырып, пішіндерді атап, олардың түсін сипаттайды. Құрастыру Қиып берілген қосымша пішіндердің формасын құрастырып шығарады (Мүсіндеу, математика негізі)	дыбысын анық айтуға және ұзындықты түсінуге көмектеседі. Сөйлеуді дамыту, сөздік қорды байыту, математика негізі	Балалар пішіндерді реттеп, өз қолдарымен үй құрастырады Жапсыру Құрастырып шыққан пішіндерді жапсырады (Құрастыру және математика негізі)	Мысалы, "Қызыл допты қызыл ұяшыққа салдым". Сөйлеуді дамыту, сөздік қорды байыту, Танымдық дағдылар	құрастырады. Олар көлікті құрастырып болған соң, қандай көлік екенін сипаттап айтады, жапсырады (Құрастыру және қиялды дамыту, жапсыру)
Серуенге дайындық	Балалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. Сөздік қорлы дамыту, балалардың жеке ойыларын қалыптастыру	Серуенге ойын құралдарын дайындау. (Еңбекке баулу)	Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру. (Көркем мінез құлық қалыптастыру)	Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу. Еңбекке баулу	Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. Қоршаған ортамен таныстыру
Серуен	Серуен картотекасы №21 Жапырақтардың түсуін бақылау (Күзде) Мақсаты: Ағаш жапырақтарының түсу процессін байқауға, табиғат өзгерістерін	Серуен картотекасы №22 Табиғи материалдарды жинау Мақсаты: Табиғаттағы заттардың әртүрлілігін, олардың пішіндерін түсіну. Өткізу тәсілі: Балаларға	Серуен картотекасы №23 Жапырақтың сарғаю процесін бақылау (Күзде) Мақсаты: Табиғаттағы жыл мезгілдерінің ауысуын түсінуге тәрбиелеу. Өткізу тәсілі: Балалармен	Серуен картотекасы №24 Балшық немесе сазбен ойындар Мақсаты: Табиғи материалдармен таныстырып, қол моторикасын дамыту.	Серуен картотекасы №25 Тастарды және олардың пішіндерін бақылау Мақсаты: Балалардың пішіндер туралы білімдерін кеңейту, тастардың құрылымын зерттеу.

	түсінуге үйрету. Өткізу тәсілі: Балалармен бірге жапырақтардың түскенін бақылап, оларды жинап, түстері мен пішіндерін салыстыру. «Күзгі гүлдесте» Мақсаты: Эстетикалық талғамды дамыту. Ойын ережесі: Түрлі жапырақтар мен күзгі өсімдіктерден гүлдесте жасап, бақшаны сәндеуге тырысады. (Ұсыныс ойын Экологиялық мәдениет дағдысы)	жапырақ, бұтақ, тас сияқты табиғи заттарды жинауды тапсырып, олардың ерекшеліктерін бірге талқылау. «Күзгі серуен картасы» Мақсаты: Көрнекі есте сақтауды дамыту. Ойын ережесі: Балалар бақшада серуендеп жүріп, қызықты заттарды байқайды және ол жерлерді картаның үстіне белгілеп, серуен жолын картаға түсіреді. (Экологиялық мәдениет дағдысы, Кішіге көмек беру дағдысын қалыптастыру)	бірге ағаш жапырақтарының сарғайып, түс өзгертуін бақылап, оны жыл мезгілдерінің ауысуымен байланыстыру. «Күзгі аңшы» Мақсаты: Бақылау қабілетін дамыту, айналадағы заттарға назар аударту. Ойын ережесі: Тәрбиеші балаларға күзгі ормандағы заттарды атауды тапсырады (мысалы, «қызыл жапырақ» немесе «жерде жатқан жаңғақ»), балалар оны іздеп, тезірек тауып көрсетеді. (Саяхат ойын, Экологиялық мәдениет дағдысы)	Өткізу тәсілі: Балаларға балшық немесе сазбен жұмыс істеуді, олардың көмегімен фигуралар жасауды ұсыну. «Жапырақтармен сурет салу» Мақсаты: Табиғи материалдар арқылы сурет салу дағдысын дамыту. Ойын ережесі: Жапырақтарды жастықшамен немесе бояумен сулап, оларды қағаз бетіне басып, сурет түсіреді. (Қоршаған ортамен танысу, Экологиялық мәдениет дағдысы)	Өткізу тәсілі: Балаларға әртүрлі пішіндегі тастарды көрсетіп, олардың айырмашылықтарын талқылау, тегіс және бұдырлы тастарды сезінуге мүмкіндік беру «Күзгі пазл» Мақсаты: Зейін мен көру қабілетін дамыту. Ойын ережесі: Жапырақтарды пішіндер бойынша бөліктерге бөліп, пазл сияқты қайта құрастырады. (Әңгіме ойын Экологиялық мәдениет дағдысы)
Серуенненоралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру. Өзіне- өзі қызмет	Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру.	Кім жылы сумен жуынса- өте жақсы сол бала. Кім салқын сумен жуынса – батыр бала ол бала. Ал егерде ол жуынбаса – ештеңе деп аталмайды ол бала.	Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру. Өзіне-өзі қызмет ету дағдысы	Достарымен ішке кіру. Серуен кезіндегі қызықтарды әңгімелеу Сыйластық, жостық қарым қатынас дағдысын қалыптастыру

	көрсету дағдысы		Мәдени-гигиеналық шаралар		
Түскіас	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу Коммуникативті дағдыны қалыптастыру	«Таза қолдар» Балалардың назарын тағамға аудару.Мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс,әдеп ережесі «Тамақ ішкенде сөйлемеймін, құлағыммен тыңдаймын»	«Ас адамның арқауы» Балаларға аспазшының жұмысымен таныстыру,сұрақ-жауап	Нан қиқымын шашпандар, Жерде жатса баспандар. Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастандар. Сөйлеуді дамыту	Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды уйрету Дұрыс тамақтану дағдысын уйрету
Күндізгіұйқы	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою. (Музыка ән тыңдау дағдысы)	балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету ұйықтар алдында балаларға кітап оқу (Көркем әдебиет)	ұйықтар алдында балаларға кітап оқу (Көркем әдебиет)	балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету Бесік жырын айту (Көркем әдебиет ,Салт-дәстүр мәдениетін дамыту)	ұйықтар алдында балаларға кітап оқу (Көркем әдебиет)
Біртінде п ұйқыдан ояту, Сауықтырушаралар ы	жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында «Денсаулық жолдарымен жүргізу »	тыныш жағдайдан сергектікке біртіндеп көшіру, баланың ағзасын қимыл белсенділігіне дайындау	жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар, саусақ жаттығуларын орындау; - массаж жолдармен жүргізу	жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар,Көз жаттығуларын жасау	жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында «Денсаулық жолдарымен жүргізу »
Бесінас	Қолды жуудың маңызын оның	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы	Қасық шанышқыны дұрыс	тамақ ішіп болғаннан	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы

	денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. Жеке бас гигиенасы мәдениетін үйрету	әңгімелесу Коммуникативті дағдыны қалыптастыру (Сөйлеуді дамыту)	пайдалануды үйрету Дұрыс тамақтану дағдысын үйрету	кейін алғыс айту Үнемді пайдалану "Ойыншықтармен дұрыс ойнайық" (Ойыншықтарды сақтау және пайдалану) Мақсаты: Ойыншықтарды сындырмай, дұрыс ойнап, оларды сақтауға үйрету. Құралдар: Өртүрлі ойыншықтар (машиналар, қуыршақтар, кубиктер). Өткізу барысы: Балаларға ойыншықтарды күтіп, сындырмай дұрыс ойнау, ойыннан кейін жинап қою ережелерін түсіндіру. Ойын барысында мұғалім ойыншықтарды үнемді пайдалану жолдарын көрсетеді.	әңгімелесу (Сөйлеуді дамыту, эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті	"Жапырақтар мен гүлдерден картиналар жасау" Мақсаты: Эстетикалық сезімді дамыту және жапырақтарды танып білу.	Сағымды дәндерден суреттер жасау" Мақсаты: Ұсақ моториканы дамыту және қиялды жетілдіру. Қажетті материалдар: Өртү	"Қабықтар мен кішкене бұтақтардан адам фигурасы" Мақсаты: Қол моторикасын жетілдіру және шығармашылық қиялды дамыту.	"Жұмбақтарды шешу" Мақсаты: Логикалық ойлауды және естесі сақтауды дамыту. Қажетті материалдар: Жұмбақтар суреттермен бірге	"Ұқсас заттарды тап" ойыны Мақсаты: "Ұ" дыбысын дұрыс айтуға машықтандыру, заттардың ұқсастығына қарайт

,кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)	Қажеттіматериалдар: Әртүрліжапырақтар мен кептірілгенгүлдер, қағаз, желім. Жұмысбарысы: Бала жапырақтар мен гүлдердіқағазбетінежабыстырып, табиғаттақырыбындақарапайымкартиналаржасайды. Бұлжаттығутүстердітануғажәнетабиғаттықорғауғатәрбиелейді. Эстетикалық сезімді дамыту, танымдық дағдылар	рлідәндер (күріш, тары, бұршақ), желім, қағаз. Жұмысбарысы: Дәндердіқағазбетінежабыстырып, әртүрліоюларнемесепейжаздаржасауғаболады. Бүләдісбалалардыұсақзаттардытиянақтыәрізейінменорналастыруғаүйретеді. Ұсақ моториканы дамыту дағдысы,жапсыру	Қажеттіматериалдар: Ағаш қабықтары, бұтақтар, желім. Жұмысбарысы: Баламенбір гебұтақтар мен қабықтардыбіріктіріп, кішкене адам немесежануарлардыңфигураларынқұрастыру. Балағафигураныңбөліктерін сәйкестендіругежәне оны бекітугекөмектеседі. Қол моторикасын дамыту құрастыру	(мысалы, алма, күн, жаңбыр, балық). Ойынбарысы: Балаларғақарапайымжұмбақтаржасырып, суреттерарқылыжауабынтабуғамүмкіндікберіңіз. Мысалы, "Қызыл, дәмді, ағаштаөседі" (жауабы: алма). Логикалық ойлауы дамыту, танымдық дағдыларды дамыту	оптастыруқабілетіндамыту. Ойынбарысы: Балаларғабірнеше затұсынылады, олардыңішіненбір-бірінеұқсасзаттарды табу керек (мысалы, қызылтүстідоптар, төртбұрыштықораптар). Әр бала ұқсасзаттытауып, "Бұлұқсасзат" деп "ұ" дыбысындұрысайтыпүйренеді. Сөйлеуді дамыту, сөздік қорды молайту
Балаламен жеке жұмыс	Сөйлеу дағдыларын дамытуға арналған жаттығу Жаттығу барысы: Балаға түрлі суреттер (жануарлар, өсімдіктер, заттар) көрсетіп, олардың атауларын айтуға және сипаттама беруге мүмкіндік береді. Мысалы, "Бұл не? Ол не істейді? Қандайтүс?"	Моториканыдамытатын жаттығулар .Жаттығубарысы: Балаға мозаика құрастыру, жіпкемоншақтізунемесеермексазданпішіндержасауұсынылады. Бұлжаттығуларұсақмоториканыкүшейтеді.	Математикалық ойлау қабілетін дамыту Жаттығу барысы: Балаға әртүрлі ойыншықтарды санау немесе пішіндерді салыстыру ұсынылады. Мысалы, бірнешедоптардысанату, санғабайланыстытапсырмалар беру.	Табиғат туралы танымдық әңгіме Жаттығу барысы: Балаға табиғаттағы заттарды (ағаштар, гүлдер, жануарлар) суреттері арқылы таныстырып, оларды сипаттауды сұрайды.	Ән және әуен ритмін қайталау Жаттығу барысы: Балаға қарапайым ритмдер (шапалақтау, дауыспен қайталау) көрсетіледі, бала оны қайталауы тиіс. Мысалы, жеңіл әуендерге қосылып ән айту.
Серуенгедайындық	өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді	киімдерін шкафтарға салуға, дербестікке	сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен	Балаларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу	өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету

	үйрету Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	дағдыландыру Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	байытуға Мемлекеттік тілді меңгерту	олардың сөйлеуін дамыту Мемлекеттік тілді меңгерту	Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру
Балалардың үйге қайтуы	Бүгінгі күннің қалай өткені туралы, баланың жетістіктері қандай болғаны туралы сөйлесу	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.	.Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту. Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу

Тексерді әдіскер: Омарова С.О



Тәрбиелеу білім беру процесі
2024-2025 оқу жылы
«Балапан» ортаңғы топ
Қараша 4-апта

Күнтәртібі	Дүйсенбі 25.11.2024	Сейсенбі 26.11.2024	Сәрсенбі 27.11.2024	Бейсенбі 28.11.2024	Жұма 29.11.2024
Балаларды қабылдау	Салемдесу Балалар мен ата-аналарға жақсы көңіл күй тілеу Медбике тексеруі ҚР мемлекеттік әнұраны орындалады	Салемдесу Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу Медбике тексеруі «Күй күмбірі»-балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру	Салемдесу Көңіл күй смайликтерімен қарсы алу Медбике тексеруі «Күй күмбірі»-балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру	Салемдесу Көңілді әуенмен қарсы алу Медбике тексеруі «Күй күмбірі»-балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру	Салемдесу Жақсы көңіл күй тілеу Медбике тексеруі «Күй күмбірі»-балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру

Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Сиқырлы қала" Мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілетін, ой-өрісін дамыту. Ойын барысы: Балаларға түрлі-түсті қағаз, картон және ермексаз беріледі. Олар осы материалдардан үйлер, ағаштар жасап, бір-біріне жапсырады. Соның нәтижесінде шағын қала құралады. (Жапсыру, Құрастыру, Мүсіндеу)	"Сұрыпта және жина" ойыны Мақсаты: Заттарды сұрыптау, еңбекке баулу. Ойын барысы: Балаларға әртүрлі ойыншықтар мен табиғи материалдар (жапырақ, тас) беріліп, оларды сұрыптау ұсынылады. Әр бала өз себетіне тек бір категорияны ғана жинауы керек. Мысалы, тек ағаш бөліктері немесе тек түймелер. Еңбекке баулу, ұсақ моториканы дамыту	"Ормандағы достар" Мақсаты: Балалардың қиялындамыту, табиғаттағы тіршілік иелерін таныту. Ойын барысы: Балаларға ермексаз бен табиғи материалдар беріледі (мысалы, жаңғақ қабығы, ұсақтастар, бұтақтар). Олар ермексаздықолданып, жануарлар мен құстардың мүсіндерін жасап, осы материалдарды қосып толықтырады. Мысалы, бұтақтардықолдана отырып, құстың қанатын немесе қоянның құлағын бейнелейді. (Мүсіндеу және Құрастыру)	"Табиғатпен дос бол" ойыны Мақсаты: Балаларға өсімдіктерді қорғау, еңбекке баулу. Ойын барысы: Балаларға гүлдер немесе ағаштың бейнесі салынған суреттер беріліп, оларды су құю арқылы "күтіп-баптау" ойыны өткізіледі. Әр бала "гүлді суарамын" деп айттып, гүліне күтім жасайды. Еңбекке баулу, қамқорлық сезімін ояту	"Дауыс қайдан шықты?" Мақсаты: Құлақпен естіп, тесік ату қабілетін дамыту. Қажетті материалдар: Түрлі жануарлардың немесе заттардың дауыстары жазылған аудио жазбалар. Ойын барысы: Балаларға әртүрлі дыбыстарды тыңдатып, қайдыбыс қандай жануар немесе зат қаттисілі екенін анықтауға үйретіңіз Логикалық ойын дамыту

Таңертенгіжаттығу	Таңғы жаттығу кешені№16 «Жел мен ағаштар» Мақсаты: Қимыл-қозғалыс икемділігін, тыныс алу жаттығуларын дамыту. Өткізу тәсілі: Балалар «ағаштар» рөлін ойнап, қолдарын жоғары көтереді. Тәрбиеші «жел соқты» дегенде балалар екі жаққа ырғалып, баяу «тербеледі». Жаттығу арқылы балалар денелерін сезінуді және тыныс алуды бақылауды үйренеді.	Таңғы жаттығу кешені№17 «Саңырауқұлақтар теру» Мақсаты: Жылдамдықты және еңкеюді игеру қабілетін дамыту. Өткізу тәсілі: Еденде түрлі-түсті ойыншықтар (саңырауқұлақ ретінде) қойылады. Балалар оларды тезірек жинап, корзинаға салады. Бұл ойын балалардың шапшаңдық пен ептілігін дамытады.	Таңғы жаттығу кешені№18 «Жұмсақ қардан өту» Мақсаты: Тепе-теңдікті сақтау, денені бақылау. Өткізу тәсілі: Еденге төселген жастықтар немесе жұмсақ маталар үстімен жүріп өту қажет. Балалар тепе-теңдікті сақтап, ақырын басып өтеді. Бұл ойын координацияны дамытады.	Таңғы жаттығу кешені№19 «Ұшты-ұшты» Мақсаты: Зейін мен ептілікті дамыту. Өткізу тәсілі: Тәрбиеші әртүрлі сөздер айтып, «ұшты» дейді. Егер шын мәнінде ұшатын зат болса (мысалы, құс), балалар қолдарын көтереді. Бұлоыйнаркылыбалалард ыңзейініартады.	Таңғы жаттығу кешені№20 «Өзеннен секіріп өту» Мақсаты: Аяқтың иілгіштігін және секіру қабілетін дамыту. Өткізу тәсілі: Балалар еденге қойылған таспалар немесе сызықтарды «өзен» деп елестетіп, олардың үстінен секіріп өтеді. Бұл секіру жаттығуы аяқ пен дене бұлшық еттерін нығайтады.
Таңғыас	Майлықты дұрыс қолдануды, нанды үгітпей жеу қажет екенін ескертіп отыру Мәдениетті тамақтану дағдысын үйрету	Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. Жеке бас гигиенасы мәдениетін үйрету	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу Коммуникативті дағдыны қалыптастыру (Сөйлеуді дамыту)	Қасық ,шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету Дұрыс тамақтану дағдысын үйрету	тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту Коммуникативті дағдыны қалыптастыру (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу "Қауіпсіз асхана" Мақсаты: Ас үйде өзін дұрыс ұстау ережелерін үйрету. Ойын барысы: Ас үйде тек ересектермен бірге болу, қайшы, пышақ сияқты заттардан алыс жүру керектігін ойын түрінде жеткізу. Балаларға ойыншық ас үй заттарын беріп, қауіпсіздік ережелерін қайталау.	Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру «Өнегелі 15 минут» Отбасы туралы өнегелі өсиет айту Мысалы: Балалар отбасы ол үлкен бақыт. Сендердің ата-аналарың, бауырларың бар, олар сендерге әрқашан қолқор болады.	Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық жасау, көрнекіліктерді дайындау, видео түсіндірмелер дайындау "Қажет кезде ғана қолданамыз" Мақсаты: Заттарды үнемдеп қолдануды үйрету. Ойын барысы: Қағаз, бояу, су сияқты заттарды керек кезде ғана қолдануды түсіндіру. Мысалы, қағазды екі жағын да қолдануды үйрету немесе суды ыдыстан қажет мөлшерде ғана қолдану.	Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру Үнемді пайдалану "Тағамды ысырап етпе" (Тағамды дұрыс қолдануға үйрету) Мақсаты: Балаларға тағамды ысырап етпей, тек қажет болған мөлшерде жеуге үйрету. Құралдар: Ойыншық тағамдар (жемістер, көкөністер), ойыншық табақтар. Өткізу барысы: Балаларға тамақты тек қажет мөлшерде алып, оны толықтай жеуді үйрету. Тамақты ысырап етпеудің маңызын түсіндіру.	Іс-әрекетке қажетті құралдарды дағдыларға қарай дайындау "Өзіңе сақ бол!" Мақсаты: Өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауға баулу. Ойын барысы: Балалар айнаға қарап, өздерінің дене мүшелерін атап, әрқайсысын қорғау керектігін түсіндіру. Мысалы, "көзімізді сақтаймыз, өйткені көру маңызды" деп үйрету.
--	--	--	---	---	---

Білімберууіымын ыңкестесі бойыншаұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Міндеті: Алға және артқа қос аяқпен жылдам қозғалуға үйрету. Ойын барысы: Балалар қатарға тұрып, қос аяқпен алға-артқа секіреді. Тәрбиешінің белгілері бойынша олар артқа, кейін қайта алға секіруі керек. Қозғалыстарды басқаруға және жылдамдықты сезінуге көмектеседі. (Физикалық дағдыларды қалыптастыру)	Дене шынықтыру Міндеті: Қол моторикасын, ептілікті және тепе-теңдікті дамыту. Ойын барысы: Балаларға қасық пен кішкене доп немесе шар беріледі. Балалар оны түсірмей белгілі бір қашықтықта алып жүріп, мәреге жеткізу керек. Қозғалыс кезінде тепе-теңдік сақтауға және тапсырманы дәл орындауға мән беріледі. (Физикалық дағдыны қалыптасытыру)	. Музыка Міндеті: Әнді соңына дейін тыңдау және оның ырғақтарын есте сақтау. Ойын барысы: Балаларға белгілі бір аспапта орындалатын әннің алғашқы бөлімі ойнатылады. Содан кейін музыка тоқтайды, ал балалар әуенді не әннің атын жалғастырып немесе атын табуы керек. Бұл балалардың зейінін шоғырландыруға көмектеседі. (музыка – шығармашылық әрекет)	Дене шынықтыру Міндеті: Баланың жалпы қозғалыс икемділігін дамыту, дене икемділігі мен координациясын жетілдіру. Ойын барысы: Балалар төртаяқтап (қолдарымен және аяқтарымен) белгіленген нүктеге дейін жетуі керек. Әр бала кезекпен осы тапсырманы орындайды. (Физикалық, танымдық дағдыларды қалыптастыру Денешынықтыру)	Қазақ тілі "Қораптың ішінде не бар?" Міндеті : Балаларға заттарды қораптың ішінде немесе сыртында орналасқанын анықтап, бұл сөздерді қолдануды үйрету. Ойын барысы: Балаларға қорап беріледі, ал ішіне түрлі заттарды (мысалы, кішкентай ойыншықтар) салу сұралады. Кейін заттардың іште немесе сыртта екенін анықтайды. Олар "Қораптың ішінде/сыртында" деп жауап береді. (Коммуникативті дағдыны қалыптастыру Сөйлеуді дамыту.)
--	--	---	---	---	--

	"Сөздермен жүгіру" Мақсаты: Сөздерді естес ақтау және физикалық бел сенділікті арттыру. Қажетті материалдар: Түрлі түсті карточкаларда жазылған сөздер (мысалы, жемістер, жануарлар). Ойынбарысы: Балаларға карточкаларды таратып беріңіз. Сіз бір сөз айта бастағанда, балалар тиісті карточканы ытауып, көрсетіп, сөзді айтуы тиіс. Бұлайын балалардың сөздік қорындамытуға көмектеседі. Сөйлеуді дамыту, сөздік қорды дамыту	"Керекті заттарды жинау" Мақсаты: Зейін мен естес ақтау қабілетін дамыту. Қажетті материалдар: Түрлі заттар, олардың атаулары жазылған карточкалар. Ойынбарысы: Балаларға бірнеше затты көрсетіңіз. Содан кейін балаларға заттардың атауларын айтып, оларды белгілі бір заттарды (мысалы, тек жемістерді) жинауға тапсырма беріңіз. Зейінді дамыту	"Керекті заттарды жинау" Мақсаты: Зейін мен естес ақтау қабілетін дамыту. Қажетті материалдар: Түрлі заттар, олардың атаулары жазылған карточкалар. Ойынбарысы: Балаларға бірнеше затты көрсетіңіз. Содан кейін балаларға заттардың атауларын айтып, оларды белгілі бір заттарды (мысалы, тек жемістерді) жинауға тапсырма беріңіз. Сөйлеуді дамыту, сөздік қорды дамыту	"Мозаикамен әлемді құрастырайық" Мақсаты: Мозаика арқылы заттарды құрастыру дағдыларын жетілдіру. Құралдар: Түрлі түсті мозаика тастар. Өткізу барысы: Балалар түрлі-түсті мозаикалардан үй, жануар, ағаш сияқты заттарды құрастырады. Олар әр құрастырылған затты сипаттап, оның қандай екенін айтады. (Мозаика құрастыру және қол икемділігін дамыту)	"Сенің тобың" Мақсаты: Өзара байланыс пен есту қабілетін дамыту. Қажетті материалдар: Заттар немесе карточкалар (суреттер). Ойынбарысы: Балаларға заттар мен карточкаларды көрсетіп, оларды топтарға бөлу ұсынылады. Мысалы, жемістер мен көкөністерді бөлгенде, балалар әр топтағы заттарды атап, естес ақтау үшін оларды қайталауы тиіс. Сөйлеуді дамыту, сөздік қорды дамыту
Серуенге дайындық	өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	киімдерін шкафтарға салуға, дербестікке дағдыландыру Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға Мемлекеттік тілді меңгерту	Балаларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу олардың сөйлеуін дамыту Мемлекеттік тілді меңгерту	өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру

Серуен	Серуен картотекасы №6 Құстардың дыбыстарын тыңдау Мақсаты: Құстардың әртүрлі дыбыстарын ажырату, есту қабілетін дамыту. Өткізу тәсілі: Ашық ауада құстардың сайрағанын тыңдау және олардың дауыстарын талқылау. «Жаңғақ жинау» Мақсаты: Шапшаңдықты дамыту, табиғатқа қызығушылық арттыру. Ойын ережесі: Балалар белгіленген аймақтан жаңғақтар жинайды, оларды кім тез және көп жинайды, соны анықтайды.(Эко мәдениетті дамыту , Қоршаған ортамен таныстыру)	Серуен картотекасы.№7 Жаңбыр тамшыларын бақылау Мақсаты: Жаңбырдың табиғи құбылыс ретіндегі рөлін түсіну, жаңбырдың маңызын білу. Өткізу тәсілі: Жаңбыр кезінде баспана астында тұрып, тамшылардың қалай түсетінін бақылап, балалармен оның пайдасы туралы әңгімелеу. «Күзгі көңіл күйді бейнелеу» Мақсаты: Сезімдерді тану және оларды жеткізе білу. Ойын ережесі: Балалар күз мезгілінің ерекшеліктерін (мысалы, қуанғаны, шаршағаны) мимика арқылы көрсетіп, күзгі көңіл-күйді бейнелейді.(Эко мәдениетті дамыту,Қоршаған ортамен таныстыру)	Серуен картотекасы.№8. Бұлттардың қозғалысын бақылау Мақсаты: Аспан мен ауа-райын тану, бұлттардың пішінін зерттеу. Өткізу тәсілі: Аспанға қарап, бұлттардың қалай өзгеретінін, қозғалысын талқылау. (Еңбекке баулу , Эко мәдениетті дамыту , Қоршаған ортамен таныстыру)	Серуен картотекасы.№9. Ауа температурасын бақылау Мақсаты: Ауа-райының суық, жылы немесе ыстық екенін ажырату, күнделікті киімдерді дұрыс таңдау дағдыларын қалыптастыру. Өткізу тәсілі: Балаларға далада ауа температурасын сезінуді және оны сипаттап беруді ұсыну, киім таңдау бойынша кеңес беру. (Еңбекке баулу , Экомәдениетті дамыту Қоршаған ортамен таныстыруу)	Серуен картотекасы.№10 Желдің жапырақтарға әсерін бақылау Мақсаты: Желдің әсерін түсіну, табиғаттағы желдің рөлін анықтау. Өткізу тәсілі: Жел тұрған кезде жапырақтардың қалай қозғалғанын бақылап, желдің бағыты мен күшін байқау. (Эко мәдениетті дамыту,Қоршаған ортамен таныстыру)
----------------------	---	---	---	--	---

Серуенненоралу	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу Жеке гигиенаны сақтауға баулу	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Еңбекке баулу
Түскіас	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу Коммуникативті дағдыны қалыптастыру (Сөйлемді дамыту)	Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану , нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. (мәдени-гигиеналықдағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)	Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. Жеке бас гигиенасы мәдениетін үйрету	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу Коммуникативті дағдыны қалыптастыру (Сөйлемді дамыту)	Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету Дұрыс тамақтану дағдысын үйрету Қоршаған орта
Күндізгі ұйқы	Бесік жыры –. Бесік жырын баяу, тыныштықпен айту баланы сабырға шақырып, оны тыныш ұйқыға жетелеу	«Әлди-әлди» әні –. Әннің жұмсақ әрі тыныш әуені баланы жеңіл ұйқыға түсіру	Тыныш атмосфера жасау: Бөлмеде жарықты бәсеңдетіп, тыныштықты орнату	«Желсіз түнде жарық ай» – Абайдың әні де ұйықтап жатқан балалар үшін жақсы әуен болады. Әннің баяу, нәзік әуені баланың тыныш ұйықтауына ықпал ету	Жұмсақ сөйлесу: балаларға жай ғана «ұйқы уақыты келді» деп жұмсақ сөздермен хабарлап, олардың мейірімді және қауіпсіз сезінуіне көмектесу
Біртіндеп ұйқыдан	Балаларға сыртқы келбетін бақылауға	тыныш жағдайдан сергектікке біртіндеп	Керуеттегі жаттығулар (2-3 минут)	жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар	жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында

ояту, Сауықтырушаралары	үйрету, сабынды дұрыс ұстауға дағдыландыру Мәдени –гигиеналық шараларды дамыту	көшіру, баланың ағзасын қимыл белсенділігіне дайындау Дене сымбатын түзу болуын қамтамасыз ету	Балалар ұйқыдан оянады. - Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін бірнеше секунд іште ұстап, еркін шығару,	мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар, Көз жаттығуларын жасау физикалық дағдыларды қалыптастыру	«Денсаулық жолдарымен жүргізу»
Бесінас	Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. Жеке бас гигиенасы мәдениетін үйрету	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу Коммуникативті дағдыны қалыптастыру (Сөйлеуді дамыту)	Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету Дұрыс тамақтану дағдысын үйрету	тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу (Сөйлеуді дамыту, эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Табиғатты қорғаушылар" Міндеті: Табиғатты қорғау мен экология туралы түсініктерді қалыптастыру. Ойын барысы: Балалар табиғаттан жиналған заттарды пайдаланып, әр затқа қорғау туралы суреттер жапсырма жапсырады. Мысалы,	"Су үнемдеу" Мақсаты: Су ресурстарын үнемдеудің маңыздылығын түсіндіру. Қажетті материалдар: Су толтырылған кішкентайк онтейнерлер, құм, өсімдіктер. Ойын барысы: Балаларға су құйып, өсімдіктерді суаруды үйретіңіз. Оларды суға қанша қажете	Міндеті: Сызықтар арқылы сурет салу дағдысын дамыту Суреттік боямалар «Кім, қайда өмір сүреді» Ойын барысы: : берілген жан-жануарлардың суретін таза бояп, туған жеріндегі жан-жануарлардың мекендерімен танысады Сурет салу, қоршаған ортамен танысу	"Қайталанатын материалдар" Мақсаты: Қайта өңдеу мен материалдарды үнемдеу туралы ақпарат беру. Қажетті материалдар: Қағаз, пластик, темір бөтелкелер, басқа да заттар. Ойын барысы: Балалар ғатүрлі материалдарды (қағаз, пластик, металл) көрсетіңіз.	"Жасыл саяхат" Мақсаты: Табиғатқа деген сүйіспеншілікті қалыптастыру. Қажетті материалдар: Табиғат суреттері (орман, су, гүлдер). Ойын барысы: Балаларға табиғаттағы суреттерді көрсетіп, онда не бар екендігін (жануарлар, өсімдіктер, су) сұраңыз. Содан кейін балаларды табиғатқа саяхатқа шақыраот

	"Гүлдер - әдемілік", "Жапырақтар - ауа" деген секілді. Экологиялық мәдениет дағдысы	кенінкөрсетіп, суды тек қажеттімөлшердеғанапай далануғаынталандырыңы з. Үнемдеу дағдыларын қалыптастыру		Оларғақайталанатынма териалдардыжинап, қайжердепайдаланукер ектігінайттыпберіңіз. Эко логиялық мәдениетті қалыптастыру ,Қоршаған ортамен таныстыру	ырып, олардытабиғаттықорғауғ аүйретіңіз. Қоршаған ортамен таныстыру
Серуенгедайындық	өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	киімдерін шкафтарға салуға, дербестікке дағдыландыру Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға Мемлекеттік тілді меңгерту	Балаларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу олардың сөйлеуін дамыту Мемлекеттік тілді меңгерту	өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру
Балалардыңүйгеқайт уы	Ата-анаға кеңес: «Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз»	Психологтің кеңесі: Өз құралдарын күтіп ұстау туралы керектігін жиі айтып тұру.	Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу. Нұрияның ата-анасымен сөйлесу, жетістіктері мен тәртібі туралы айту.	Ата-аналармен әңгімелесу. Балаларды қайтару.	Кеңес: «Бала мен қоғам» Ашық сабақтың болу мерзімін айтып, киімдерін дайындап қою туралы айту.

Тексерді әдіскер: Омарова С.О



Тәрбиелеу білім беру процесі

2024-2025 оқу жылы

«Балапан» ортаңғы топ

Желтоқсан 1-апта

Күн тәртібі	Дүйсенбі 02.12.2024	Сейсенбі 03.12.2024	Сәрсенбі 04.12.2024	Бейсенбі 05.12.2024	Жұма 06.12.2024
Балаларды қабылдау	Салемдесу Әр баланы есіктің алдында күлімдеп қарсы алу, ата-анасымен амандасу. Медбике тексеруі ҚР әнұранын орындау «Күй күмбірі»- балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру	Салемдесу Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу Медбике тексеруі «Күй күмбірі»- балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру	Салемдесу Әр балаға ерекше көңіл бөліп, «Қайырлы таң! Бүгін күн қандай тамаша!» деп жылы сөз айту. Медбике тексеруі «Күй күмбірі»- балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру	Салемдесу Жұмсақ, көңілді музыка қою арқылы баланың көңіл-күйін көтеру. Медбике тексеруі «Күй күмбірі»- балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру	Салемдесу Жақсы көңіл күй тілеу,Топқа балалар келген кезде балаларды реттілікпен шешінуге, киімдерін шкафқа жинап қоюды үйрету. Медбике тексеруі «Күй күмбірі»- балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру
Ата-аналармен немесе баланың басқада заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Баланың тамақтануы, ұйқысы және жалпы жағдайы туралы сұрау. Қыс мезгілі келгенін балаларды жылы киіндіру туралы ескерту	Ата-анаға кеңес: Тәрбиеші бала жайлы жалпы көңіл-күй, белсенділік немесе жаңа дағдылары жайлы қысқаша ақпарат беру	Психологтың кеңесі: Баланың әр жетістігін қолдап, оны мақтау, бұл баланың өзіне деген сенімділігін арттыратынын айту	Ата-аналармен әңгіме: Баланың қажеттіліктері мен даму динамикасын қысқаша талқылау.	Ата –аналармен әңгіме: Осы артада болатын іс-шаралармен таныстыру, балаларды жарыстарқа қатыстыру туралы ұсыныстар

Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	Өсімдіктерді күтіп-баптау бойынша тәжірибе жасау (топыраққа су құю, жапырақты сүрту) Балалар отбасы мүшелерінің табиғатқа қамқорлық жасауын әңгімелейді. Өсімдіктерді дұрыс суаруды тәжірибе арқылы үйренеді. Қоршаған ортамен танысу , тәжірибелік дағды	Еңбек іс-әрекеті – "Отбасылық көмек Міндеттері: Балалар отбасында атқаратын жұмыстарды әңгімелейді. Ойыншықтарды реттеп жинау, гүлге су құю сияқты кішігірім тапсырмалар орындайды. "Кім не істейді?" ойынын ойнау: балалар отбасы мүшелерінің жұмыстарын айтып, рөлдерді ойнайды.Отбасында еңбектің маңыздылығын түсіндіреді.	Тәжірибе – "Отбасылық қамқорлық" "Суық су – жылы су" тәжірибесін жүргізу арқылы көмектесу түсінігін беруБалалар жылы және суық судың айырмашылығын сезінеді."Көмек көрсет" ойыны арқылы бір-біріне көмектесудің маңызын түсінеді.	Экологиялық іс-әрекет – "Отбасылық бақша" Табиғаттағы еңбекке қызығушылығын арттыру. "Өсімдікке не қажет?" ойыны. Балалар топырақ, су, жарық туралы талқылайды.Бақшадағы өсімдіктерді отырғызу мен суару жолдарын үйренеді.	Еңбек іс-әрекеті – "Үйдегі тазалық" Үй тазалығын сақтау маңызды екенін түсіндіру. "Жоғалған ойыншық" ойыны арқылы заттарды орнына қоюды үйрету. Отбасы мүшелерінің үйлесімді еңбегі туралы шағын әңгіме айту.
Танертенгілік жаттығу	Таңғы жаттығу №1 Қарапайым қимылдар мен икемділікті дамыту Жүру: Адымдап жүру, аяқтың ұшымен жүру, артқа жүріп көргенін қайталау. Аяқтарды созу: Қолды белге қойып, екі аяқпен бірдей алға еңкейіп, қолды аяқтың ұшына жеткізу. Қолды көтеру: Қолды жоғары көтеру, кеңірек ашып, денені оң және солға бұру. Жеңіл секіру: Орындықтан төмен түсіп, екі аяқпен бірдей секіру.	Таңғы жаттығу №2 Тепе-теңдікті дамыту Арқанмен жүріп өту: Тепе-теңдік сақтау үшін жерге қойылған арқанның үстімен жүру. Жеңіл секіру: Бір аяқпен секіріп, жерге келіп, тепе-теңдік сақтау. Қолды көтеру: Жоғарыға қарау, қолды жоғары көтеріп, денені оң және солға бұру. Бір орында тұру: Бір аяқпен тұрып, бір минутқа дейін тепе-теңдікті сақтау.	Таңғы жаттығу №3 Қимыл мен ырғақ Әнмен серіктесу: Музыкамен қимылдарды орындау (қолмен соғу, аяқпен шапалақтау). Ырғақты жүгіру: Әннің ырғақтарына сай жүгіру. Қарапайым би қимылдары: Әнмен бірге айналу, қолды жоғары көтеру, төмен түсіру. Қолды сермеп қозғалту: Әуенмен бірге жеңіл қозғалу, қолды алдыға және артқа сермеп қимыл жасау.	Таңғы жаттығу №4 Жылдамдық пен ептілікті дамыту Жеңіл жүгіру: 3-5 метр қашықтықты адымдап жүгіру. Аяқтарды жылдам қозғалту: Аяқтың ұшымен тез жүру, қолды жоғары көтеру. Аяқпен тепе-теңдікті сақтау: Жерге қойылған белгіге жақындап, аяқты жылдам ауыстырып жүру. Қосу және бөлу: Бір жерде тұрып, бір аяқпен секіруді екі рет қайталау	Таңғы жаттығу №5 Жеңіл жүгіру: Балалармен бірге топ болып 2-3 метр қашықтықты жүгіру. Қолды көтеру және алға еңкею: Қолды жоғары көтеріп, денені бұрып, алға еңкею. Секіру: Екі аяқпен жерге секіріп түсу. Жеңіл би қимылдары: Әнмен бірге топ болып би қимылдарын қайталау.

Таңғы ас	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. "Қолды қалай жуамыз?" сұрағын қойып, әрекеттерін бақылау. "Сабынды алып жақ, суды ашып шайқайық" (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға үстелдегі тағамдарды атап, олардың түр-түсін, пішінін және дәмін сипаттау. Мысалы: "Мынау сары май, сары түсті, жұмсақ", "Бұл - нан, ол хош иісті". (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларды қасықпен тамақ жеуге, майды нанға жағуға үйрету. Әр бала өз ыдысын дұрыс пайдалануды үйренеді. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға: Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету ("Рақмет"). Тамақтан соң қолын сүрту және ыдысын жинастыруға көмектесу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)	Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға: Үстелді таза ұстау. Төгіліп қалған тамақты сүртуге көмектесу. Балалардан алдарына қойылған тағамның атын сұрау, дұрыс тамақтану туралы мәлімет беру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге Дайындық ҮІӨ	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу Жол қозғалысының қауіпсіздігі :Балаларға бағдаршамның түстері туралы түсіндіру: қызыл — тоқта, сары — дайындал, жасыл — жүр. Жолдағы жаяу жүргіншілер жолағының маңызын түсіндіру. Ойын түрінде «Бағдаршам» ойынын ұйымдастыру: мұғалім бағдаршам түстерін	Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру Үнемдеу іс әрекеті "Электр қуатын сақтайық" (Электр энергиясын үнемдеу) Балаларға бөлмеде ешкім болмаған кезде шамды сөндіріп қоюдың маңызын көрсету. Оларға теледидар мен компьютерді ұзақ уақыт қосып қоймауды үйрету	Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық жасау, көрнекіліктерді дайындау, видео түсіндірмелер дайындау "Үнемділікке баулу" Міндеті: Балаларды ресурстарды (су, жарық, қағаз) үнемдеуге үйрету. Ойын: "Кранды жап" Балаларға судың маңызын түсіндіру. Ойын барысында балалар су құятын ыдыстарды толтырып, қажетсіз жағдайда кранды жабуды үйренеді. Қол жуып болған соң, кранды жабу әрекетін	Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру "Өнегелі 15минут: Сыпайылық ережелері" Міндеті: Балаларды «рақмет», «өтінемін», «кешіріңіз» деген сыпайы сөздерді қолдануға үйрету. Ойын: "Сиқырлы сөздер" Балалар сиқырлы қорапшадан суреттер немесе ойыншықтарды алады. Олар бұл затты алмас бұрын "өтінемін"	Іс-әрекетке қажетті құралдарды дағдыларға қарай дайындау Өрт қауіпсіздігі Педагог өрттің қаншалықты қауіпті екенін, өртке себеп болатын заттарды (сіріңке, отпен ойнау) түсіндіреді.Балалармен «Өрт шыққанда не істеу керек?» деген сұрақты талқылау. Өрт кезінде 101-ге хабарласу қажеттілігін және өрттен қашу жолдарын ойын түрінде көрсету.

	айтады, балалар сол түске сәйкес әрекет жасайды (қызылда тоқтап, жасылда жүреді).		қайталау.	деп айтуы қажет. Әр бала ойын соңында «рақмет» айтуға дағдыланады. Үйде ата-анасына сыпайы сөздерді айтып көрсету.	
--	---	--	-----------	--	--

Кестеге сәйкес ҮІӘ	Дене тәрбиесі Міндеті: Баланың тепетендікті сақтап, сызықтан шықпауына назар аудару. Ойын барысы: Баланы жерге немесе кілемнің үстіне сызық (немесе түрлі-түсті таспаны) белгілейді. Оған сызық бойымен жүріп өту тапсырмасын береді. "Әке мен ана мектебі"Мақсаты: Балаларды отбасы мүшелерінің рөлдерімен және міндеттерімен таныстыру. Ойын:"Кім не істейді?": Балалар әке, ана, бала бейнесіндегі ойыншықтарды қолданып, олардың міндеттерін сипаттайды. Мысалы: әке – жұмыс істейді, ана – тамақ әзірлейді, бала – ойыншықтарды жинайды. Үйде ата-анасына қарапайым тапсырмаларда көмектесу (ойыншық жинау, кітап қою).	Дене тәрбиесі Міндеті:Баланың биіктіктен және ұзындыққа секіру дағдыларын үйлестіру Ойын барысы: Еденге немесе кілемнің үстіне әртүрлі қашықтықта кішкентай белгілер немесе сызбалар қойыңыз. Баланы қос аяқпен әр белгіге жетіп, секіруді сұраңыз. Бұл жаттығу ұзындыққа және биіктіктен секіруге бағытталған үйлестірілген қозғалыс дағдыларын дамытады.	Музыка Міндет: Балалардың музыканы тыңдай отырып, өз қимылдарын бақылауын үйрету. Ойын барысы: Балалар музыка ойнап тұрған кезде, әртүрлі билеу әрекеттерін жасайды (мысалы, айналу, секіру, қолды көтеру).Музыка тоқтаған кезде балалар дереу тоқтап, орнында тұруы керек.	Дене тәрбиесі Міндеті: Баланың тепетендігін сақтау және секіргеннен кейін тұрақты қалыпта тұру дағдыларын дамыту. Ойын барысы: Баланы қос аяқпен секіртеді, сосын бір орнында тұрақтап, тепетендікті сақтап тұруына назар аударады . Бала секіргеннен кейін бірнеше секунд бойы тепетендікті ұстап тұрады.	Қазақ тілі Міндеті:Балалардың бір-бірімен танысуын және ересектермен еркін қарым-қатынас жасауын дамыту. Ойынбарысы:Балалар шеңбер жасап тұрады. Әр бала кезекпен өз атын айтады және өзінің сүйікті ойыншығын немесе қандай да бір сүйікті іс-әрекетінсипаттайды.Балалар бір-біріне сұрақтар қойып, басқа балалар туралы көбірек білуге тырысады.
----------------------------------	--	--	---	--	--

